	<i>6. Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту және ғылыми-зерттеу институттарын оңтайландыру:</i> - зерттеу қызметі үшін материалдық-техникалық базаны дамыту; - экология және биогеохимия сынақ зертханасының, жаратылыстану-гуманитарлық зерттеулер зертханасының жұмыс істеуі және дамуы.	<i>6. Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту және ғылыми-зерттеу институттарын оңтайландыру:</i> - университеттің және ПОҚ ғылыми жетістіктерін есепке алудың электрондық базасының болмауы; - зерттеу зертханалары мен заманауи жабдықтар санының жеткіліксіз болуы.
	<i>7. Ғалымның ғылыми әлеуеті мен мәртебесін нығайту:</i> - ҚР және шетелде танылған ғылыми мектептердің болуы; - ЖОО қаражаты есебінен	<i>7. Ғалымның ғылыми әлеуеті мен мәртебесін нығайту:</i> - тілдік емес мамандықтар бойынша ғалымдардың

	ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы жүйесі; - ЖОО ПОҚ-ымен қызметкерлерінің ғылыми жетістіктерін көтермелеудің қолданыстағы жүйесі.	ағылшын тілінің жеткіліксіз деңгейде меңгеруі; - ғылыми дәрежесі бар жас ғалымдардың жеткіліксіз болуы; - рейтингтік журналдарда ағылшын тіліндегі жарияланымдар санының жеткіліксіз болуы.
	<i>8. Халықаралық интеграция және менеджмент:</i> - шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімшарттар санының көптігі; - Еуразиялық университеттер қауымдастығына, азиялық университеттер қауымдастығына мүшелік; - шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен студенттер мен ПОҚ-тың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жүзеге асыру; - қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру үшін шетелдік жоғары оқу орындарымен	<i>8. Халықаралық интеграция және менеджмент:</i> - ПОҚ пен білім алушылардың ағылшын тілін төмен деңгейде меңгеруі; - шетелдік студенттер үлесінің төмендігі; - ПОҚ-тың халықаралық білім беру және ғылыми жобаларды жүзеге асыру конкурстарына қатысу деңгейінің төмен болуы; - тікелей халықаралық зерттеулерді қаржыландырудың болмауы.

	ынтымақтастық орнату; - шетелдік ғалымдарды тарту.	
	9. <i>Үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру:</i> - отансүйгіш маманның жеке қасиеттерінің құзыреттіліктерін бәсекеге қабілетті маман болуға қалыптастыру; - студенттік өзін-өзі басқару жұмысы арқылы студенттерді ЖОО-ны басқаруға тарту; - жастармен жұмыс істеу үшін креативті басқарушыларды даярлау.	9. <i>Үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру:</i> - дайындалған шығармашылық кадрлардың жетіспеушілігі; - біліктілікті арттыру және қосымша курстарға қатысудеңгейінің төмен болуы; - әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру бойынша қаржыландырылатын гранттарға арналған конкурсқа қатысу деңгейінің төмен болуы.
Сыртқы орта	Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіп-қатерлер (Threats)
	1. <i>Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету:</i> - ұлттық және халықаралық рейтингтердегі позицияларды жақсарту; - кіріс академиялық ұтқырлықты дамыту, оның	1. <i>Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету:</i> - COVID-19 пандемиясына байланысты интернационализация процестерінің баяулануы;

	ішінде алыс шетел мемлекеттерімен; - жақын және алыс шетелдердің ғылыми-білім беру ұйымдарымен кең ауқымды ынтымақтастық; - серіктес жоғары оқу орындарымен кітапханалық ресурстарды бірлесіп пайдалану бойынша ынтымақтастық жүйесіне қатысу; - білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттар мен критерийлерге сәйкестігі; - QS-WUR әлемдік рейтингінің TOP-700 құрамына кіретін университеттермен ынтымақтастықты дамыту; - ПОҚ халықаралық білім беру жобаларына қатысуы; - ЖОО қызметіне шетелдік ПОҚ пен ғалымдарды тарту; - сапалы студенттер контингентін қалыптастыру бойынша мақсатты кәсіптік бағдар беру жұмысы.	- университеттер арасындағы бәсекелестіктің күшеюі; - магистратура мен докторантураға түсу үшін тілдік дайындықтың жеткіліксіз болуы; - талапкерлердің шетелдік жоғары оқу орындарына кетуі; - COVID-19 пандемиясына байланысты кіріс академиялық ұтқырлық деңгейінің төмендеуі; - әлемдік рейтингтерде жоғары нәтижелерге қол жеткізу қажеттілігі; - оқытудың цифрлық технологияларын қолдау жүйесін жетілдіру қажеттілігі.
--	--	---

	2. Әлемдік үрдістер контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту: - ЖОО-ның кадрлық әлеуетін және адам ресурстарын басқару жүйесін дамыту; - бірлескен білім беру бағдарламаларын, оның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу; - оқыту процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу; - түлектердің дайындық деңгейіне жұмыс берушілердің қанағаттануын арттыру.	2. Әлемдік үрдістер контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту: - білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға бағытталған республикалық оқу-әдістемелік кеңестер тарапынан үйлестіруді жетілдіру қажеттілігі; - талапкерлерді даярлау деңгейінің төмен болуы; - шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламалары санының жеткіліксіз болуы; - шетелдік әріптестерді ынтымақтастыққа ынталандырудың төмен болуы; - еңбек нарығындағы кадрларға қажеттілікті болжау кезіндегі еңбек ресурстарының теңгерімсіздігі.
	3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму	3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және

	<i>мониторингін жетілдіру:</i> - тарихы мен дәстүрі бай университет имиджі; - түлектер қауымдастығының университет қызметіне жәрдемдесуі; - менеджмент, басқарушылық және коммуникативтік дағдыларды дамыту саласында әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыру; - екі немесе одан да көп тілді меңгерген қызметкерлер санының едәуір көп болуы.	<i>даму мониторингін жетілдіру:</i> - «тік» және «көлденең» бойынша басқарудың теңгерімді жүйесінің қажеттілігі; - ПОҚ біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру қажеттілігі; - мектеп және колледж оқушылары арасында мониторинг жүйесін жетілдіру қажеттілігі.
	<i>4. Жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын цифрландыру және дамыту:</i> - ЖОО-ның сандық материалдық-техникалық базасын жаңарту; - кітапханалық әдебиетті және мұрағаттық құжаттаманы цифрлау, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік келісімдер шеңберінде цифрлық кітапхана қорларына өзара	<i>4. Жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын цифрландыру және дамыту:</i> - университет қызметтері мен сервистерін белсенді цифрландыруға байланысты ақпараттық қауіпсіздік қатерлерінің өсіп келе жатқан деңгейі; - білім алушылар контингентінің ұлғаюына байланысты оқу-ғылыми

	қол жеткізуді қамтамасыз ету.	ғимараттарының жетіспеуі.
	5. Ғылымның ел экономикасының тұрақты дамуына қосатын үлесін ұлғайту: - шетелдік серіктестермен бірлескен зерттеулерді дамыту; - халықаралық деңгейде зерттеу нәтижелерін ұсыну; - жарияланымдар деңгейінің көбеюі; - ғылыми нәтижелерді енгізу және коммерцияландыру тиімділігін арттыру үшін қолданыстағы аккредиттелген зерттеу зертханасын консорциалдық зерттеу құрылымдары деңгейіне дамыту; - жетекші шетелдік ғалымдар атынан серіктестердің тартылуы.	5. Ғылымның ел экономикасының тұрақты дамуына қосатын үлесін ұлғайту: - ғылыми кадрларды олардың ғылыми әлеуетін жүзеге асыру үшін эмиграциялау; - білім мен технологиялар трансфері деңгейінің төмендеуі; - жүргізілетін ғылыми зерттеулерге еңбек нарығы мүдделілігінің төмендеуі; - инновациялық және ғылыми қызмет нәтижелері бойынша инвестициялық табыстың төмендеуі; - ЖОО нақты өндіріс үшін ұсынатын ғылыми зерттеулер мен қолданбалы әзірлемелердің тиімділігі мен нәтижелілігінің төмендеуі; - университеттің инвестициялық тартымдылығының төмендеуі.

	6. Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту және ғылыми-зерттеу институттарын оңтайландыру: - академиялық артықшылық орталығының базасында жаңа зертханалардың ашылуы; - гранттық және шаруашылық шарттық қаржыландыру есебінен ЖОО-ның материалдық-техникалық базасының жаңартылуы; - ғылыми зертханалардың міндеттеріне сәйкес ЖОО инфрақұрылымының жаңғыртылуы.	6. Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту және ғылыми-зерттеу институттарын оңтайландыру: - зертханалық жабдықтардың ескіруі; - ЖОО-ның ғылыми-зертханалық базасын дамытуды қаржыландырудың жеткіліксіздігі.
	7. Ғалымның ғылыми әлеуеті мен мәртебесін нығайту: - жас ғалымдарды отандық және шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының докторантурасы мен аспирантурасында оқыту; - ЖОО ПОҚ пен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, оның ішінде «Болашақ» бағдарламасы	7. Ғалымның ғылыми әлеуеті мен мәртебесін нығайту: - ғылыми саладан кадрлардың кетуі; - ғылыми дәрежесі бар кадрлардың қартаюы.

	бойынша тағылымдамалар; - қаржыландырылатын ҒЗТКЖ жүргізу кезінде бірлесіп орындаушылар ретінде шетелдік ғалымдарды тарту.	
	<i>8. Халықаралық интеграция және менеджмент:</i> - халықаралық ынтымақтастық географиясын кеңейту; - алыс шет елдердегі серіктес жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлықтың жаңа бағдарламаларын дамыту; - әлемнің үздік университеттерінен шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту; - үш тілді меңгерген білім алушылар мен ПОҚ санын арттыру.	<i>8. Халықаралық интеграция және менеджмент:</i> - білім алушылардың және ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламаларымен тағылы мдамалары қаржыландырылуының жеткіліксіздігі; - халықаралық ғылыми қоғамдастыққа интеграцияның жеткіліксіздігі; - шетел азаматтарының ЖОО-да оқуға қызығушылығының төмен болуы.
	<i>9. Үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру:</i> - қызметкерлердің	<i>9. Үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру:</i> - қосымша құзыреттерді алуға уәждеменің

	біліктілігін арттыру; - студенттердің тұлғалық дамуы бойынша семинарлар, тренингтер ұйымдастыру; - студенттік іс-шараларға және оқушылардың түрлі деңгейдегі конкурстарға, фестивальдарға, спорттық жарыстарға шығуына қаржылық қолдауды арттыру.	төмендеуі; - студенттер контингентін тәрбиелеу бойынша жоғары кәсіби кадрлардың кетуі.
--	---	---

4-бөлім. БҚУ-да білім беруді дамытудың басым бағыттары

4.1 «Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету» басым бағыты

Университет Батыс Қазақстандағы ірі ғылыми-педагогикалық орталық ретінде бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды өзінің басты міндеті деп санайды. 90 жылға жуық тарихында университет әр түрлі салада жұмыс істейтін 80 мыңнан астам маман даярлап шығарды. Кадрлардың негізгі тұтынушылары Батыс Қазақстан облысының білім беру мекемелері болып табылады. Бұл 371 мектеп және 521 мектепке дейінгі мекеме. БҚУ-дың педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша 200-300 орындық мемлекеттік тапсырысқа жыл сайынғы қажеттілігі білім беру гранттары конкурсының қорытындысы бойынша толық өтеледі. ЖОО-ны мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірген болашақ педагогтардың жұмысқа орналасуы 95%-дан астамды құрайды. Батыс Қазақстан облысынан басқа, университет түлектері Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында кеңінен сұранысқа ие. Осылайша, оларға М.Өтемісов атындағы БҚУ 1000 мектепті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету бойынша «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыруға белсенді қатысады. Талап етілетін педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша

БҚУ жергілікті атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықты жалғастырады. ЖОО түлектері үшін ірі жұмыс берушілер арасынан Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. компаниясы, Орал қаласы әкімінің аппараты, Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театры сияқты кәсіпорындарды атап өтуге болады, Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі саясат басқармасы, «First Heartl Jysan Bank» АҚ БҚФ, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ, «Батыс Қазақстан Электржелісін тарату компаниясы» АҚ, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ, Батыс Қазақстан облысының балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы және т.б. Олар педагогикалық емес білім беру бағдарламалары студенттерінің өндірістік практикасын және жұмысқа орналасуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын алу жөніндегі жұмыс Білім беру процесі сапасының халықаралық талаптарға сәйкестігін растайтын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу нәтижелеріне сүйенетін болады.

Университет өңірлік еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, жергілікті бюджеттер есебінен гранттар бөлу бойынша жергілікті атқарушы органдармен жұмысты жүйелі түрде жүргізеді. Қазіргі уақытта ЖАО гранттары есебінен ЖОО-да үш облыстың (Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау) студенттері білім алуда. 2021 жылдан бастап Ақтөбе және Қызылорда облыстарының ЖАО гранттарын бөлуге белсенді қатысу жоспарлануда. Тәжірибе көрсеткендей, осы бағдарлама бойынша білім алушылардың жоғары академиялық көрсеткіштері бар, ғылыми және қоғамдық қызметке белсенді қатысады, сондай-ақ өз мамандығы бойынша жіберілген жерге жұмысқа орналасу мәселелеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды. ЖАО есебінен гранттар бөлу бағдарламасы перспективалы болып табылады, сапалы мамандар даярлауға және өңір үшін қажетті кадрлармен қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сондай-ақ әлеуметтік әріптестер қаражаты есебінен кадрларды даярлауды дамытатын болады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлаудың мазмұны мен құрылымы өңірлік ерекшеліктер ескеріле отырып, еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес, сондай-ақ ұлттық біліктілік шеңберімен және кәсіптік стандарттармен айқындалған құзыреттер мен дескрипторлар негізінде жүзеге асырылып жаңартылатын болады.

Жұмыс берушілермен және басқа да холдингтермен бірлесіп қолданыстағы білім беру бағдарламаларын жаңарту және жетілдіру, жаңа, инновациялық ББ әзірлеу, оның ішінде салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша, сондай-ақ өзекті емес, сұранысқа ие емес білім беру бағдарламаларын Реестрден алып тастау арқылы білім беру бағдарламаларын бейіндеу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Студенттердің сапалы контингентін қабылдауға бағытталған жұмыс жүргізілетін болады:

- кәсіптік бағдар берудің жаңа әдістерін және икемді баға саясатын дамыту есебінен;

- «Алтын белгі» белгілері бар ЖОО-ға түскендердің, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары жеңімпаздарының үлесін арттыру есебінен (мақсатты кәсіптік бағдарлау жұмысы, ынталандыру жүйелерін әзірлеу, БҚУ-ға қабылдау қағидаларына өзгерістер енгізу);

- жаңа ББ әзірлеу және даярлаудың жаңа деңгейлерін енгізу (сұранысқа ие бакалавриат ББ, оның ішінде аралас, PhD докторантура бойынша («Биология», «Тарих», «Педагогика және психология» және т.б.) және техникалық, кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша («Тәрбиешінің көмекшісі», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі», «Бастауыш білім беру мұғалімі», «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі», «Шет тілі мұғалімі»);

- магистратурада білім алушылар санының өсуі;

- шетелдік, соның ішінде Орталық Азия елдерінен келген студенттер санын арттыру (университет контентінің сапасын жақсарту, кәсіби бағдар көрмелеріне қатысу, мақсатты іссапарлар, жатақхана салу).

Ғылыми-педагогикалық кадрлық әлеуетті толықтыру үшін БҚУ ПОҚ жүйелі негізде өз қызметкерлерін ҚР Ұлттық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс негізінде оқытатын болады. Сондай-ақ ПОҚ сапалық құрамын жақсарту үшін ЖОО қаражаты есебінен университет қызметкерлерін шетелдік және ұлттық жоғары оқу орындарының аспирантурасы мен докторантурасына жіберу жалғастырылатын болады.

Оқытушылар мен қызметкерлер біліктілікті арттырудан және тағылымдамадан, оның ішінде жоғары оқу орнын қаржыландыру және университеттің біліктілікті арттыру және қайта даярлау орталығының қызметін кеңейту есебінен тұрақты түрде өтетін болады.

ББ әзірлеуге шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының мамандары тартылатын болады.

Ғылыми-білім беру қызметінде әріптес университеттермен және шетелдік ғылыми орталықтармен кооперация жүзеге асырылатын болады.

Білім алушылардың оқу процесіне қанағаттануын, олардың әлеуметтік көңіл-күйін және жұмыс берушілердің пікірлерін анықтау мақсатында түлектердің өндірісте жұмыс істеуге дайындық деңгейіне әлеуметтік зерттеулер (сұраулар, сауалнама, сұхбат және т.б.) жүргізілетін болады. Бұл жұмыс ЖОО-ның әлеуметтік зерттеулер орталығының негізінде келесі бағыттар бойынша тұрақты және жүйелі негізде жүзеге асырылатын болады:

- білім беру бағдарламалары мазмұнының тұтынушылардың, еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестігі;

- білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру мен сапасына және кредиттік технология қағидаттарын жүзеге асыруға қанағаттануы;

- білім беру ресурстары мен студенттерді қолдау қызметтерінің қолжетімділігі;

- білім алушылардың әлеуметтік көңіл-күйі;

- білім алушыларда академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру, олардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен жоюға қатысуы және қарым-қатынасы;

- ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерінің әлеуметтік көңіл-күйі;

- түлектерді жұмысқа орналастыру;

- аймақтағы орта мектеп түлектерінің білім алу ниеті мен қалауы және т.б.

ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуде мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық дамитын болады. «Кері байланыс» жүйесін жолға қоюға жұмыс берушілер Кеңесі мен университет түлектерінің қауымдастығы қызметі ықпал ететін болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жасау (пандустар, көтергіштер, лифтілер, сондай-ақ ақпараттық және кітапхана ресурстарымен қамтамасыз ету және басқалар) жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Қашықтықтан білім беру технологияларын одан әрі кеңейту, онлайн-курстар ашу, арнайы және қосымша білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, сондай-ақ ерекше білім

берілуіне қажеттілігі бар білім алушылармен жұмыс істеу үшін ПОҚ-ты қайта даярлау бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Педагогикалық емес білімі бар мамандарды педагогикалық қайта даярлау үшін курстар жүргізіледі.

Академиялық адалдық саясатын енгізу, плагиатқа қарсы жүйені және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі кешенді жұмысты жетілдіру жалғастырылатын болады. Академиялық адалдықты, парасаттылықты және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру: парасаттылық жөніндегі кеңес, әдеп жөніндегі кеңес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия, бюджет комиссиясы және т.б. арқылы жүзеге асырылатын болады. Ашықтықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында университетте қабылданған этика ережелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және академиялық адалдықты қамтамасыз ету туралы ережені сақтау бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

4.2 «Әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту» басым бағыты

«Әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту» басым бағыты бойынша БҚУ соңғы 10 жыл бойы Еуропаның Топ-400 жоғары оқу орындарының қатарына кіретін Майнц қаласындағы (Германия) Йоханнес Гутенберг Университеті сияқты әріптес жоғары оқу орындарының тәжірибесіне сүйенеді, ал 2011 жылы Еуропалық жоғары оқу орындарының арасында ғылым университеті болып таңдалды; сондай-ақ, Польшаның ірі аймақтық мемлекеттік университеттерінің бірі болып табылатын Быдгощ қаласындағы Ұлы Казимир Университетіне ғылыми-зерттеу қызметі және ғылыми жобаларының нәтижелерін коммерцияландыру арқылы халықаралық академиялық ұтқырлық пен кадрлар даярлау белсенді дамып келеді.

Шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының тәжірибесін ескере отырып, БҚУ-дың академиялық дербестігі, оның ішінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда, қосымша, бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ пәнаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеуде дамитын болады. Студентке

бағытталған оқыту ЖОО-ның білім беру қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болады. Университет мәртебесінің өзгеруіне (КеАҚ-қа қайта құрылуына) байланысты ЖОО-ның Академиялық саясатының мазмұны жетілдіріліп, өзектендірілетін болады.

Кәсіптік стандарттар, ҰБШ, СБШ негізінде ЖОО-ның білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту бойынша жұмыс жалғасады.

Педагогикалық білім беруді жаңғырту жобасына сәйкес және педагогтің кәсіби стандартына сәйкес педагогикалық білім беру мазмұны жаңартылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын үш тілде жүзеге асыру бойынша одан әрі жұмыс жүргізілетін болады.

Оқытушылар мен студенттердің шет тілдерін білу деңгейін арттыру үшін біліктілікті арттыру курстары, арнайы тіл курстары, қашықтықтан оқыту технологиялары қарастырылатын болады. Көптілділікті енгізу бойынша жұмыс оқытушылар мен білім алушылардың халықаралық үлгідегі сертификаттарды (IELTS, TOEFL, EduCare және т.б.) алуына бағытталатын болады.

ҚР БҒМ бағдарламасы бойынша ЖОО-ның оқытушылық қызметке шетелдік ғалымдарды тарту жөніндегі жұмысы жалғастырылады (жыл сайын кемінде 5-8 маман). Бұл бағдарлама жоғары h-index және Scopus базасына кіретін жетекші ғылыми журналдарда жарияланымдары бар серіктес жоғары оқу орындарынан жетекші шетелдік ғалымдарды шақыруға мүмкіндік береді. Аталған мамандармен бірлескен жұмыс университеттің ғылыми және әдістемелік әлеуетін нығайтып қана қоймай, бірлескен ғылыми зерттеулерге, жаңа ғылыми мектептер мен бағыттардың дамуына, университеттің жас ғалымдарының жетекші шетелдік ғылыми журналдарға шығуына және т. б. серпін береді.

Оқытуға жоғары оқу орындарынан, ҒЗИ-дан, сондай-ақ өндірістен білікті отандық және шетелдік мамандар тартылатын болады. Келесі шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының профессорлары тартылатын болады: Быдгощтағы Ұлы Казимир университеті, Коперник университеті (Польша), Йоханнес Гутенберг университеті, Мюнстер университеті, Пассау университеті (Германия), шығыс университеті, Флоренция университеті (Италия), Загреб университеті (Хорватия), Қалмақ мемлекеттік университеті, Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті, Орынбор мемлекеттік университеті, Иваново мемлекеттік университеті (РФ) және т.б.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу үшін университеттің педагогикалық ББ бойынша ПОҚ мектептерде үнемі тағылымдамадан өтетін болады, педагогикалық мамандықтар студенттері үшін интегративті практика жүзеге асырылатын болады. «Балалар әлемі» жобасы бойынша БҚО бойынша ББ өңір үшін педагогикалық кадрлар даярлау бойынша бірлескен жұмыс жалғасатын болады.

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығына қатысатын студенттердің үлесі, оның ішінде Эразмус+ жобаларына белсенді қатысу есебінен және шетелдік студенттерді БҚУ ББ-да оқыту есебінен ұлғаятын болады.

БҚУ ББ мамандандырылған аккредиттеуді жүзеге асыру бойынша және аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

4.3 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру» басым бағыты

Академиялық және басқарушылық дербестік мәселелерінде Назарбаев Университетінің тәжірибесін кезең-кезеңімен енгізу жалғастырылады.

Институционалдық деңгейді қоса алғанда, білім берудегі менеджмент одан әрі жетілдіріледі. Басқарудың корпоративтік қағидаттарын дамыту ЖОО-ның жаңа мәртебесі – коммерциялық емес акционерлік қоғамда жүзеге асырылатын болады.

Республикада жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудағы өзгерістер мен жаңа үрдістерді ескере отырып, Университеттің жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылған алқалы органдарының (Директорлар кеңесі, Ғылыми кеңес, Академиялық кеңес, Сапаны қамтамасыз ету комитеті, Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия) өкілеттіктері айқындалып, өзектілендірілетін болады. Стратегиялық және басқарушылық шешімдерді қабылдаудың барынша ашықтығын, айқындығын қамтамасыз ету мақсатында алқалы органдардың қызметін жетілдіру басым бағыт болады.

ЖОО-ның ұйымдастырушылық архитектурасының жаңа модельдері енгізілетін болады. Назарбаев Университеті үлгісінде 2022 жылдан бастап факультеттердің орнына ЖОО-да кезең-кезеңмен жоғары мектептерді енгізу жоспарлануда. Кафедралар жойылады. Білім

беру бағдарламаларын әзірлеуді, енгізуді және жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының басшылары тағайындалады.

ЖОО-ның басшылық құрамы жоғары білім берудегі менеджмент және корпоративтік басқару бойынша біліктілікті арттырудан толық өтеді және одан жүйелі түрде, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат есебінен өтетін болады.

Алқалық басқару органдары мен университет басшылығы өз қызметінде ашықтық, айқындық және есептілік қағидаттарын ұстанатын болады. БҚУ білім беру, ғылыми және қаржылық қызметі бойынша ЖОО басшысының ұжым мен жұртшылық алдында жыл сайынғы есебін өткізу жалғастырылатын болады.

Кадрлық құрамның әлеуеті мен сапасын арттыру мақсатында енгізілген жаңа біліктілік талаптарына сәйкес оны дамыту бойынша жұмыс жүзеге асырылатын болады.

Объективті критериялық көрсеткіштер, жариялылық пен ашықтық негізінде кадрларды моральдық және материалдық ынталандыру жүйесі жетілдірілетін болады (ПОҚ пен қызметкерлерге сыйлықақы беру туралы ережені жетілдіру, ұжым мүшелерінің осы процеске қатысуы, оның ашықтығын, есеп беруін қамтамасыз ету).

4.4 «Цифрландыру және инфрақұрылымды дамыту» басым бағыты

Жаңа ББ ашу және жалпы контингентті көбейту бойынша қабылданған шараларға сәйкес, сондай-ақ облыс бойынша ЖББОМ түлектері санының 2021 жылы 5 916 адамнан 2029 жылға қарай 12 865 адамға дейін өсуін ескере отырып, университет жаңа оқу корпустарын салу/сатып алу және жаңа жатақханалар салу бойынша жұмысты жүзеге асыруда (2022-2023 жылдары тағы бір оқу корпусы мен 500 орындық жаңа жатақхананы пайдалануға беру, университетте ПОҚ пен білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен тамақтану пункттерінің қызметі кеңейтілетін болады).

М.Өтемісов ат. БҚУ-дың инновациялық әлеуеті жеке және интеграцияланған адами, материалдық-техникалық және материалдық емес ресурстары бар, олар: магистранттар үлесі бар білім алушылар контингенті; ПОҚ-тың білікті құрамы; танылған ғылыми мектептер; өндірісте сұранысқа ие білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалар; аккредиттелген сынақ зертханасының болуы.

Мысалы, 2019-2021 жылдары университет келесі басым ғылыми бағыттарды жүзеге асыруға бағытталды:

1. Табиғи, оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар;

2. Өмір және денсаулық туралы ғылымдар;

3. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер);

4. Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі.

Инновациялық әлеуетті одан әрі дамыту мақсатындағы БҚУ жоспары:

- бірлескен зерттеулер үшін жетекші шетелдік ғылыми орталықтармен ғылыми инфрақұрылымды және коллаборацияны дамыту;

- ЖОО-ның Жас ғалымдардың ҒЗЖ үшін, сондай-ақ РФ докторантурасы мен аспирантурасында оқу үшін зерттеулерді жалғастыруға гранттар бөлу;

- цифрлық ғылыми-білім беру экожүйесін дамыту;

- жоғары рейтингті журналдарға жарияланымды және зерттеу нәтижелері бойынша белсенділікті арттыру;

- қолданыстағы оқу және зертханалық жабдықтарды, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғыртуды және жаңасын сатып алуды жүзеге асыру;

- қолданыстағы оқу және зертханалық жабдықтарды, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғыртуды және жаңасын сатып алуды жүзеге асыру;

- ҒЗТКЖ-ға белсенді қатысатын ПОҚ, соның ішінде жас ғалымдардың, студенттер мен магистранттардың үлесін арттыру.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау ғылыми-зерттеу қызметінің инфрақұрылымын жетілдіруді көздейді.

Гранттық қаржыландыру, ҒЗЖ өткізуге арналған тендерлерге қатысу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, соның ішінде ЖОО, ғылыми ұйым және бизнес арасындағы үшжақты келісімдер ЖОО-ның ғылыми жобаларын коммерцияландыру тетіктері дамитын болады.

БҚУ материалдық-техникалық базасы жүйелі түрде нығайтылады. ЖОО-ның жалпы бюджетінен ғылыми және оқу-зертханалық базаны

дамытуға арналған шығыстардың үлесі ұлғаяды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін жағдайлар (оқу бағдарламалары, пандустар, лифтілер, тұтқалар және т.б.) жасалады.

Цифрлық ғылыми-білім беру экожүйесін дамыту үшін: автоматтандырылған бизнес-процестер санын көбейту; ҚББЖ жүйесін сатып алу және енгізу; құжат айналымы мен электрондық кітапхана үшін сервер сатып алу; компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыз ету паркі жүйелі түрде жаңартылады; пәндер бойынша виртуалды зертханалар сатып алу; Интернет-арнаның өткізу қабілеті (интернет жылдамдығы); WI-FI қамту аймағын ұлғайту; білім беру қызметтерін электрондық форматқа ауыстыру қамтамасыз етіледі; (студенттік / оқырман) билеті үшін кіріктірілген RFID-чипі бар Smart-картаны сатып алу; ғылыми жобалардың электрондық базасын құру; «БҚУ хабаршысы» ғылыми журналына мақалалар берудің онлайн жүйесін құру; біліктілікті арттыру курстарынан өткен түлектер мен тыңдаушылардың электрондық базасын құру; университет ПОҚ электрондық оқулықтарының бірыңғай базасын құру; ЖОО-ның гербарий қорын цифрландыру және т. б.

5-бөлім. БҚУ-да ғылымды дамытудың басым бағыттары

5.1 «Ел экономикасының тұрақты дамуына ғылымның үлесін арттыру» басым бағыты

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметін дамыту мақсатында стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге және бизнесті қоса қаржыландыру арқылы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған ғылыми бағдарламаларды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың жаңа үлгілері игерілетін болады.

Университетте ғылымды дамытудың жаңа тетіктері, соның ішінде жергілікті бюджеттер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің, гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландырылатын ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысуға ғылыми негіз дайындау мақсатында жобаларды университетішілік қаржыландыру енгізілетін болады.

Университетте ғылымды дамытудың жаңа тетіктері, соның ішінде жергілікті бюджеттер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру есебінен қаржыландырылатын ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысу үшін ғылыми негіз дайындау мақсатында жобаларды ЖОО ішінде қаржыландыру енгізілетін болады.

Ғылыми жобалардың нәтижелілігін арттыру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру барысында патенттер мен авторлық куәліктерді міндетті түрде алу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Магистрлік диссертациялардың сапасы мен нәтижелілігін арттыру үшін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске және оқу процесіне енгізу және растайтын құжаттарды ұсыну бойынша талаптар белгіленетін болады.

Тиімді жұмыс істеу мақсатында БҚУ ғылыми-зерттеу бөлімшелерінің құрылымы дамитын болады. Университет базасында бірқатар зертханалары бар «Жаратылыстану және гуманитарлық зерттеулер орталығы» академиялық артықшылық орталығын ашу жоспарлануда: заманауи ғылыми жабдықтармен жабдықталған педагогикалық технологиялар және адами ресурстарды дамыту зертханасы; биоресурстар және ДНҚ-технологиялар зертханасы; георесурстар және химиялық инжиниринг зертханасы. Бұл жоба М.Өтемісов атындағы БҚУ қызметінің білім беру, ғылыми және әлеуметтік аспектілерін қамтиды, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту және білім беруді цифрландыру өңірдің экономикасымен – мұнай және газ өндірумен, мұнай-газ өңдеу саласын тереңдетумен, машина жасаумен және тамақ өнімдерін өндірумен байланысты. Жобаны жүзеге асыру даярлау сапасын арттыруға және өңірді бәсекеге қабілетті педагогикалық және ғылыми-техникалық кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаратылыстану-гуманитарлық зерттеулер орталығының ашылуы зерттеу экожүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- зерттеуші-оқытушылардың пулы-зерттеушінің портретін қалыптастыру;
- зерттеудің негізгі тақырыптарына назар аудару-педагогика, инклюзивті білім беру, білімді басқару, әлеуметтік жауапкершілік, өңірлік даму, іргелі жаратылыстану-ғылыми зерттеулер;

- шарттар мен инфрақұрылым - заманауи ғылыми жабдықтар, инфрақұрылым, деректер базасы, ПОҚ пен білім алушыларды зерттеуге ынталандыру және тарту жүйесі;

- зерттеушілердің синергиясы-мемлекетпен, қоғаммен, әлеуметтік бизнеспен.

Жаратылыстану-гуманитарлық зерттеулер орталығын құрудың өзектілігі білім алушылардың бірегей білім беру бағдарламаларына, шағын және орта бизнес өкілдеріне-қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, мемлекетке – кадрларды жаңа кәсіптерге озыңқы даярлауға, кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының кәсіптік стандарттарға сәйкестігіне деген қажеттіліктеріне байланысты туындайды.

Келесі міндеттерді шешу үшін үш зертханасымен жаратылыстану-гуманитарлық зерттеу орталығы құрылады:

- Шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды жүзеге асыру;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды сүйемелдеу процесінің барлық қатысушылардың өзара тиімді әрекеттесуі үшін жағдай жасау;

- Мүгедектігі бар балалар мен студенттердің оқу ортасына барынша ықпалдасуы үшін жағдай жасау, өзіне, оқуға және қоршаған адамдарға оң көзқарас қалыптастыру;

- ДМШ білім алушылардың сенімді мінез-құлқын дамыту, қобалжуын, агрессивті мінез-құлқын төмендету және кәсіби дамуы үшін психопрофилактикалық тренингтер ұйымдастыру;

- Зияткерлік бастаманы қолдау және балалар мен студенттер шығармашылығын дамыту;

- ДМШ білім алушылардың ерекшеліктері туралы білімді таратуға, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласында университет қызметкерлерін қосымша даярлауға ықпал ету.

- Практикалық дағдыларды күшейте отырып, пәндер бөлімдері бойынша білімді қалыптастыру;

- Магистрлік және докторлық диссертациялар үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- Халықаралық жобаларды бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- Оқушыларға қосымша білім беру мақсатында үйірмелер ашу, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін;

- Экскурсиялар өткізу;

- Алынған материалдарды теориялық тұрғыданбекіте отырып, Орал өңірінің ежелгі және ортағасырлық ескерткіштерін далалық зерттеулерді жүзеге асыру;

- Студенттердің археологиялық практикасынан өту, сондай-ақ магистранттардың біліктілігін арттыру үшін жергілікті әкімшілікпен бірлесіп қамқорлыққа алынған ұйым ретінде ескерткіштер орнында тірек археологиялық база құру;

- Геофизикалық, геологиялық, палеоэкологиялық деректерді кешенді талдау мақсатында өзара байланысты ғылымдар саласындағы мамандарды тарту;

- Оқу үрдісінде зертхана қорыныңмүмкіндіктерін пайдалану;

- Студенттер мен магистранттардың далалық археологиялық тәжірибелерін ұйымдастыру және өткізу;

- Ескерткіштерді қорғау мемлекеттік органдарының өтінімдері бойынша сараптамалық жұмыстарды орындау (Мәдени мұра нысандарының құрамы мен шекараларын, қорғау аймақтарының, ерекше қорғалатын аумақтардың шекаралары мен режимдерін айқындау, археология ескерткіштерінің жай-күйіне мониторинг жүргізу), археологиялық қорғау зерттеулерін жүргізу;

- Мұрағаттық және музей зерттеулерін орындау;

- Дала экспедицияларын ұйымдастыру;

- Музей заттары мен коллекцияларын есепке алуды және сақтауды ұйымдастыру;

- Ғылыми-ағартушылық және ғылыми-зерттеу әдебиеттерін басып шығару;

- Дала практикаларын өткізуге қатысуды жүзеге асыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін университеттің студенттері мен магистранттарына кеңестер беру;

- Семинарлар, конференциялар, көрмелер ұйымдастыру;

- Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени мұраны зерттеу және сақтау мәселелеріне байланысты ғылыми, оқу және ғылыми-көпшілік баспа жобаларын жүзеге асыру;

- Тарихи-мәдени және археологиялық мұра проблемалары бойынша отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерімен өзара әрекеттесу;

- Сандық технологияларды енгізу (аймақ ескерткіштерінің интерактивті каталогтарын, коллекцияларын, көшіп-қону бағыттарын құру және т.б.);

- Биология және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы молекулалық зерттеулерді генетикалық және микробиологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету;

- Биологиялық түрлер генотиптерінің деректер базасын құру: серверлік және компьютерлік жабдықтарды сатып алу жануарлар, өсімдіктер және микроорганизмдер генотиптерінің деректер базасын құру мүмкіндігімен генетикалық зерттеулер деректерін сақтау, өңдеу және мұрағаттау мақсатында қажет. Бұл ретте деректерді шоғырландыру және көрсеткіштерді есептеу дәлдігін арттыру мақсатында Қазақстанның генетикалық зертханаларына деректер қоймасына және «Генотиптердің деректер базасы» математикалық-есептеу кешеніне регламенттелген қолжетімділікті ұсыну көзделеді;

- Шетелдік зертханада тағылымдама өткізу: сатып алынатын жоғары технологиялық генетикалық жабдық сондай-ақ осы жабдықпен жұмыс істейтін техникалық мамандардың тағылымдамасын өткізуді көздейді, өйткені оны пайдалану белгілі бір технологиялық хаттамаларға және зерттеулер жүргізу әдістеріне негізделген. Осыған байланысты, жоба шеңберінде жабдықтағы жұмыс тәжірибесін зерделеу және ғылыми зерттеулер мен бірлескен жарияланымдардағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында кемінде екі ғылыми қызметкерді шетелдік генетикалық зертханаға оқыту мен тағылымдамадан өткізу көзделіп отыр.

Академиялық артықшылық орталығын құру ғылымның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының, Scopus және Web of Science дерекқорларындағы халықаралық рецензияланатын журналдардағы ғылыми мақалалардың сапасы мен санын арттыру үшін университетте әлемдік және өңірлік кластерлердің ғылыми бағыттары құрылатын болады. Бұл ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануды қамтамасыз етеді.

Көрсеткіштерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

1) жаһандық бәсекеге қабілетті деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін университет оқытушылары мен қызметкерлерін нақты және тиімді ынталандыруға мүмкіндік беретін механизмдерді құру;

2) оқушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыратын академиялық артықшылық орталығының базасында өткізілетін іс-шараларды қолдау: экспедициялар, конкурстар, жас

ғалымдардың конференциялары, жеке зерттеу жобаларын жүзеге асыру үшін гранттар;

3) ғылыми-көпшілік әдебиетті, мерзімді баспасөз басылымдарын, ғылыми және өнертапқыштық қызметке, ғылым мен техника саласындағы жетістіктерге, инновациялық жобаларды және зерттеу жұмыстарын басқару мәселелеріне арналған интернет-ресурстарды басып шығаруды қолдау;

4) технологиялық даму басымдықтарын қалыптастыру және бизнестің, ғылымның, мемлекеттің күш-жігерін біріктіру үшін академиялық артықшылық орталығының базасында басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп зерттеулер жүргізу;

5) Scopus, Web of Science индекстелетін импакт-факторлы ғылыми журналдарда мақалаларды жариялау бойынша ПОҚ, студенттер, магистранттар мен докторанттардың жұмысын жандандыру;

6) университетте кәсіпкерлік экожүйені құру мақсатында ПОҚ үшін оқыту курстарын, тренингтерді ұйымдастыру және өткізу;

7) ірі кәсіпорындармен бірлесіп бизнес жобаларды жүзеге асыру;

8) білім алушылардың бизнес өкілдерімен бірлескен бағдарламаларға қатысуы.

Күтілетін нәтижелер:

- Жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде: іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындау жандандырылады;

- ғылыми-өндірістік кооперация нығаяды;

- инновациялық салада жаңа әріптестік қалыптасады; түрлі ұйымдардың қатысуын, пәнаралық өзара іс-қимылды талап ететін күрделі ғылыми-технологиялық жобаларды жүзеге асыру үшін кадрлық әлеует артады;

- барлық мүдделі тараптардың (бизнес, ғылым, мемлекет, азаматтық қоғам) қатысуы негізінде зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу үшін қосымша қаржы ресурстары тартылатын болады;

- университет ғалымдарының ғылыми өнімдеріне сұраныс деңгейін арттыру;

- университет студенттерінің кәсіпкерлік белсенділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Сандық міндеттерге мыналар жатады:

- Жаратылыстану-гуманитарлық зерттеулер орталығының 3 зертханасын ашу;

- Инновациялар паркі базасында құрылатын цифрлық зертханалардың ғылыми-білім беру орталығы үшін 199 бірлік жабдық сатып алу;

- 2024 жылға қарай докторантураның 2 білім беру бағдарламасын ашу, 4 постдокторант шығару;

- ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған ғылыми басылымдардағы 25 жарияланым, рейтингтік журналдардағы 45 жарияланым, әзірлемелерге 10 патент, Хирш индексі 3 және одан жоғары 25 ПОҚ, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын алған 8 ПОҚ, ғылыми стипендия, ведомстволық сыйлықақы, біліктілікті арттыру курстарынан және шетелдік тағылымдамадан өткен 40 ПОҚ әлемдік ауқымда профессорлардың, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің нәтижелілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады;

- ҚР БҒМ қаржыландыратын жас ғалымдардың 16 ғылыми жобасы мен 6 ғылыми жобасын жүзеге асыру ҒЗЖ-дан түсетін табысты арттыруға ықпал етеді;

- Шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберінде 3 білім беру бағдарламасының ашылуы, шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының 2 филиалының ашылуы, Хирш индексі жоғары 10 шетелдік ғалымды тарту, бұл университеттің халықаралық деңгейде танымалдығын арттырады;

- Жаңа 10 инновациялық білім беру бағдарламасының ашылуы.

5.2 «Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту және ғылыми-зерттеу институттарын оңтайландыру» басым бағыты

Оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулерді ұштастырудың іргелі ұстанымы ғылым арқылы білім беру болмақ. Бұл тәсіл персоналдың біліктілігін арттыру қажеттілігімен анықталады және білім нарығының жағдайына жылдам әрекет етуге мүмкіндік береді. Студенттер мен магистранттарға сапалы білім алудың ең нәтижелі жолы олардың ғылыми зерттеулерге нақты қатысуы, яғни студенттердің өздерінің танымдық және оқу іс-әрекетін тікелей қамтитын технологияларды пайдалану болмақ. Зерттеу арқылы оқыту студенттердің ғылыми жарыстарға қатысуын, ғылыми студенттік үйірмелердің жұмысын, ғылыми-техникалық жобаларды жүзеге асыруды көздейді. Сонымен қатар, мамандандырылған білім беру бағдарламаларын әзірлеумен тікелей байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының нақты бағыттарын

қолдайтын білім беру кешенінің құрамында ғылыми-тәжірибелік базаны дамытуға қаржыландыру қарастырылған.

БҚУ академиялық шеберлік орталығының жобасын жүзеге асыру шеңберінде Жаратылыстану және гуманитарлық зерттеулер орталығын ашу жоспарлануда, оның негізінде 3 зертхана құрылып, заманауи ғылыми жабдықтармен жабдықталады: педагогикалық технологиялар және адам ресурстарын дамыту бойынша зертхана; биоресурстар және ДНҚ технологиялар зертханасы; георесурстар және химия инженериясы зертханасы. Жабдықтардың жалпы құны: республикалық бюджеттен 4000,0 млн. теңге, соның ішінде: 2021 жылға – 250,0 млн. теңге, 2022 жылға – 1250,0 млн. теңге, 2023 жылға – 1250,0 млн. теңге, 2024 жылға – 1250,0 млн. теңге. Сатып алуға жоспарланған жабдықтардың жалпы саны 199 бірлікті құрайды.

Жеке қаражат және басқа да қаржыландыру көздері есебінен экология және биогеохимия сынақ зертханасы жаңа ғылыми жабдықтармен жабдықталып, сертификатталған ғылыми жабдықтары, табиғи-гуманитарлық зерттеулер зертханасы жаңартылатын болады.

Оқу практикасына бизнес-қоғамдастықтың және мемлекеттік ұйымдардың ғылыми-оқу зертханалық базасы (жұмыс берушінің өкілдері) тартылатын болады: БҚО білім басқармасы, «Нұрболашақ Қазақстан» ЖШС, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, «Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы, ҚР ДСМ «Масғұт Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМҚК Орал обаға қарсы күрес станциясы, «Батыс Археология ҒЗО» ЖШС.

Университетте қаржыландырылатын әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қатысу үшін ғалымдар мен студенттердің қоғамдық бірлестіктерін құру жалғастырылатын болады.

Заңнаманы жетілдіруге қарай эндаумент-қор құру жөніндегі мәселе пысықталады, ЖОО түлектері құрған стартап-компаниялардың саны ұлғайтылады.

«Рухани жаңғыру» институты тақырыптық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, мемлекеттік қоғамдық-саяси және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушы ретінде өз қызметін жүйелі түрде кеңейтетін болады. «Рухани жаңғыру» институты жұмысының сапасы әлеуметтік сауалнамалармен бағаланады.

5.3 «Ғалымның ғылыми әлеуеті мен мәртебесін нығайту» басым бағыты

